

МӘШНҮР-ЖҰСІП МЫСАЛДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ОРЫС – ЕУРОПА МЫСАЛДАРЫ

«Мысал – әдебиеттің көне түрі, сонымен қоса дүние жүзі әдебиеттерінде кен тараған жанр. Мысалдың көне нұсқасы әр халықтың ауыз әдебиетінде кездеседі, яғни алғаш мысал түрлерін шығарушы халықтың өзі болды деген сөз», – дейді Т. Кожекеев «Сатиралық жанrlар» деген енбекінде. Крылов мысалдарында да көне гректік сарынды байқауға әбден болады. Мысалы: «Мифы Древней Греции много веков вдохновляли поэтов и художников всего мира. В стихах Пушкина и Тютчева и даже в баснях Крылова мы не раз

найдем образы из мифов Эллады. Если бы мы не знали древнегреческих мифов, многое в искусстве прошлого – в скульптуре, живописи, поэзии – было бы нам непонятно», – деп жазды В. Смирнова [1, 8]. Миф пен мысалдардың арақатынасы жөнінде төменде айтылады.

«Дала уалаяты» газетінде Мәшнүр-Жұсіптің әңгімелері: «Жиренше шешен мен хан» (1893, №2); «Адам һәм оның ғұмыры» (1889, №6-7; Мысалы: «Қарға мен лашын» (1889, №7 25-26-бб.) басылып шықты. Сол сияқты: И. А. Крыловтың

«Қарға мен тұлқі» (ДУ, 1892, №51), «Құмырсақ мен шегіртке» (ДУ, №32), «Аю мен жапан түзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» (ДУ, №49) аударылған нұсқасы берілді. Қазақ оқырмандары Л. Н. Толстойның мысалдары: «Ұзак пенен көгершін» (ДУ, №38), «Бұғы менен қарақаттың сабағы» (1888, №47), «Бұғы» (ДУ, 1888, №47), «Қоян» (ДУ, 1890, №48), «Құмырсақ мен көгершін» (1888, №47), «Айқап» журналында: Мотиннің «Сибирские мотивы» «Степь» бөлімі аударған М. Жұмабаев (Айқап, 1914, №22, 308-309-бб.), И. А. Крыловтың «Лжец – Отірікші» (Айқап, 1913, №24, 473-475-бб.), «Шегіртке мен құмырсақ» (Айқап, 1912, №3, 69-б.), «Инелік пен құмырсақ» (Айқап, 1912, №3, 69-б.) аударған Асылқожа Құрманбаев, А. С. Пушкин «Пророк» аударған Қ. Кеменгеров (Айқап, 1915, №4, 58-59-бб.), А. П. Чехов «Қара қарға» (Айқап, 1915, №7-8, 111-112-бб.), «Қарға» (Грач) аударған Ахмет Баржақсин т.б.

Қазақ мысал жанрын алғаш зерттеп, пікір білдірген М. Әуезов болатын. «Спандияр Қебеев Крыловтың 44 мысалын аударып, жинақ етіп шығарды. Бекет Өтетілеуов, тағы бірнеше ақындар аударды. Сол аудармалар арқылы Крыловтың мысалдар жасау үлгісін колданған қазақ ақындары да болды. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев сияқты ақындар да кей кезде Крыловтай мысалдан жазатын болды. Абайдан бастап бұл күнге шейін қазақ халқы жақсы біліп, шын сүйіп отырған Крылов шығармаларын қазақ мектептері де аса зор құрметтеп келеді. Біздің мектептерде, барлық әдебиет кітаптарында Крылов мысалдары көп пайдаланылады. Совет мектебі тәрбиелеген қазақ балаларының шын сүйіп оқытын ардақты ақынның бірі Крылов», – деген еді [2, 29].

Мәшһүр-Жұсіп орыс-еуропа басқа елдердің мысалдарын өзінің шығармасына негіз қылыш алғаны айдан анық. Әсіресе, ғибраттық мазмұндағы бағыты бізді мына ойға жетелейді. Аристотель дәүірінен бастау алып, көбіне философтар көніл аударған, кейін Г. Э. Лессинг, В. Перри, А. Потебня, М. Н. Гаспаров т.б. еңбектерінде көрініс тапқан мысалдардың бағыты – ғибраттық – философиялық мазмұн болған. Осы бағыт – «рационалды бағыт» деп аталған. Бұл бағытты ұстанған ғалымдар: «Мысалдың басты табиғатын айқындайтын фактор – ғибрат, ол мақал-мәтедермен тікелей байланысты қалыптасты, мысал – адам қоғамының даму сатысының жемісі», – деп жазыпты Т. Шаңбаев (Мысал жанры, 2004).

Екінші – романтикалық бағыт. Романтикалық бағытты ғалымдар: «Мысалдың басты факторы әңгімелеу және кейіпкерлердің аң мен құстан болуы» деп, миф пен мысалдарды теңестіреді. Я. Гримм: «Миф – жануарлар туралы ертегі-мысал» деген эволюциялық даму концепциясын ұстанған, негізінен жанрдың шығу тегіне аса зор көніл бөлген дей келіп, А. Хаусрат, И. Левин, Е. А. Костюхин т.б. фольклортанушы ғалымдар еңбектерінде қолдау тапқан бұл бағыт мысалдың «фольклорлық» кезеңіне немесе халық мысалына арнайы түрде, мысалдың «өткен шағына» көп тоқталып, жануарлар эпосының басқа жанрлармен типологиялық туыстығына назар аударады. Ал И. Левин мысал жанрының шығуын, қалыптасуын мифтен басталады деген», – дейді Т. Шаңбаев «Мысал жанрының кейбір теориялық мәселелері» деген макаласында. Мысалдардың психологиялық, эстетикалық өсер ету қасиетіне көп көніл бөлген Л. Выготскийдің психологиялық-эстетикалық бағыты. Бұл бағытты ғалымдар «поэзиялық мысал қалыптасқанда мораль әлсіреп, көркемдік-сатираптық сарынға мол жол ашты», – деген еді.

Бұл орайда Ежелгі грек мысалшысы Эзоп, француз Ж. Лафонтен, неміс Х. Геллерт, ағылшын Томас Мур, орыс мысалшылары: В. Тредиаковский, А. Кантемир, А. Сумарков, И. А. Крылов т.б. Қазақ мысалшылары Абай Құнанбаев, Ұбырай Алтынсарин, Спандияр Қебеев, Ахмет Байтұрсынов, Бекет Өтетілеуов, Мәшһүр-Жұсіп т.б. атап өтүге болады. Крыловтан Абай – 14, С. Қебеев – 37, Бекет Өтетілеуов – 12 мысал аударған. Абай аудармалары Крылов мысалымен түпнұсқасымен көбіне дәлме-дәл келеді. С. Қебеевтің 8 мысалы қара сез үлгісінде баяндалған. Ахмет Байтұрсыновтың аудармаларында желі сақталмағанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын мән-мазмұнына байланысты жана ойлар айтылады. Мәшһүр-Жұсіп мысалына қатысты Тұсіпова Қанипаны да қараңыз: Ақын мысалдарының жанрлық сипаты. Мәшһүр-Жұсіп оқулаres. Республикалық ғылыми конференция материалы. (Бірінші жинак) С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. Павлодар, 2001. Б. 143-147).

Әркілы тарихи-әлеуметтік, саяси-қоғамдық өзгерістерге толы кезеңде дүниеге келген Мәшһүр-Жұсіп Қопеев қазақ жазба әдебиеті, соның ішінде мысал жанрының қалыптасуына, көркемдік көкжиегінің кеңеюіне елеулі үлес қосты дейді

ф. ғ. д., профессор С. Сұтжанов. Олай болса, Мәшһүр-Жұсіп те қазақ мысал жанрының қалыптасуына, қазақ ұғымына лайықтап қайта өндеп, жырлауында кейде шығыс мысалынан косып, өзінікі сияқты жырлауы басқаға ұқсамайтын қыры болып табылады. Олар: «Тырна мен Қасқыр», «Шайтанның саудасы», «Сәйгел, сона, бөгелек», «Жарты нан хикаясы», «Мәшһүр-Жұсіптің тырнамен айттысы», «Мәшһүр-Жұсіптің қарғамен айттысы» т.б. Ақынның «Мәшһүр-Жұсіптің Шабдар атпен айттысы» Жұсіп пен Шабдар аттың айттысына құрылған. Оқиға шындыққа негізделген (Мәшһүр-Жұсіп. Шығармалары. 1-т. Павлодар, 2003. Б. 421-425). Бұл айттыста Айда бол руы айттылып, Шабдар аттың кедей табынан екендігі Көк тақым қандыбалак ұры Алтайдан – деген сөзінен байқаймыз. Жұсіп Көпееев Шабдар атқа айтқан болып, ел ішіндегі небір келенсіз жайттарды, ру тартысын, елдің нашарлап, өсек-өтірік жайлап кеткенін тіліне тиек қылады. Шығарма халықтың өмірінен алынған аллегорияға құрылған. Біздің байқағанымыз, ақын өз тарапынан да мысал өлеңдер шығарған оның мазмұны, тілі нағыз казақ өмірінен алынған. Басқа мысалдарда көбіне жан-жануарлар метонимиялық құбылыс ретінде алынып, астарлы түрде суреттесе, Жұсіп мысалында көбіне өзі айттысады. Карсыласы жан-жануарлар, мал, құс т.б. болып келеді. Жұсіп мысалынан казақтың ұлттық мінезін, болмысын анық байқаймыз. Мысалдар да қазақ ұғымына лайықты ескіліктер, мал мен құска байланысты этнографизмдер өте көп екендігі байқалады. Мысалы, бір ғана жылқыға қатысты: ығыр, жауыр, көк тақым, жетек, арқа басы ошақтай, желқомдап, шыбындал, қызыл танау, шідер, құнан, дөнен, жал, торы т.б.

«Крыловтың шын көnlі неден жириеніп, нени сүйеттіні өзіне ғана аян еді. Онысы жазған енбегінен көрініп тұрды. Мысалдарының көбінде Крылов заманынан сырткары отырған жалпы ақылтой болған жок. Сол заман жайында нелер өткір, нелер ашы мысықыл, ажуа жазып отырған. Көп мысалдары арнаулы саяси оқиғаларды мазак етіп, нақтылы адамдарды түйреп отырады. Мысалдарына патша сарайына сүйікті талай чиновниктерді, нелер мықтыларды, жағымпаз жазушыларды орнынан тұрғысыз етеді. «Квартет» деген мысалында тіпті патшаның Мемлекеттік советін (Государственный совет) мазак етеді», – дейді М. Әуезов [2, 26].

Мәшһүр-Жұсіп те заман жайлы не өткір ойлар айтып, нақтылы адамдарды өжуа етеді. Мысалы: «Сәйгел, сона, бөгелек» атты мысалында алдымен халықты езіп, қанаушы сәйгелді, бөгелекті сол кезде елді алдаған езушілер, отаршылар деп, басты трагедия сол кесапатқа жол беруде, сенгіштікте жатар дегенді айтады», – дейді ф.ғ.д., К. Жұсіпов. Расында да «Ешкімге керексіз боп сыймас болған» сәйгелдіні сиыр, «кан алатұғын банкасы» бар сонаны «ничего, банка маған түк қылмайды» деп түйе шақырса, «неше түрлі күй білем» деп мақтанған бөгелекті жылқы өзіне шақырады. «Шұп-шұбар боп тұрған соң құмар болып, Шақырады көбелекті қазақ сорлы» деп ақын қазақтың көрсекұмарлық қасиеттерінің барын айтады. Ақын адам бойындағы адамгершілік қасиеттерге жат алауыздық, мақтаншактық, қайырымсыздық, тәкаппарлық, құншілдік, зорлық, қанағатсыздық сияқты мінездерін паш етеді. Сол сияқты, «Қасқыр мен тырна» жайындағы мысал И.Крылов пен А.Байтұрсыновта да бар. Бұл туралы С.Сұтжанов А. Байтұрсынов ортақ сюжет желісін шығармасына арқау етіп қана қоймай, одан өзіндік пікір түйіп, оны ортаға салса, Мәшһүр-Жұсіп тырна мен қасқыр арасындағы болған жайды жалпылама баяндап қана қойған. Тұжырым жасауды окушының өзіне қалдырады дейді. Негізінде Байтұрсынов мысалының екі шумағындағы «бұрынырақ» сөзін Мәшһүр-Жұсіп «жырағырак» деп берген. Және Байтұрсынов осы мысалды 19 шумақпен жазса, Мәшһүр-Жұсіп 11 шумақпен жазған. Екі ақынның да айттар ойлары, сөз қолданыстары бірдей, Бірақ Байтұрсынов төртінші шумақта «Көзіне түспесін бе жалғыз тырна» деп қасқырдың көзіне түсken тырнаны кекету бар. Ал Мәшһүр-Жұсіпте «Көзіне көрініпті жалғыз тырна» деп оқырманға ары карай болатын оқиғаның қызықты екендігін білдіреді. Қасқырдың қомағайлығын көрсету мақсатымен оның іс-әрекеттіне айрықша көніл бөлгізіп, барлық болмыс-бітімін анық көрсеткен. «Алактап жан-жағына көзін салды» деген жолдардан қасқырдың бойын үрей билеп, қоркынышқа бой алғанын байқаймыз. Мәшһүр-Жұсіп «алактау» сөзін жай ғана колдана салмай, белгілі бір эмоционалды реңк енгізіп, нақты болған оқиға сияқты суреттейді. Крылов мысалында «соқыр» сөзі жалпылама алынған сияқты. Ал қазақ ұғымындағы «көрсөкыр» ұғымы білімсіздікті, ақылы жоқтықты көрсетеді. Байтұрсынов та, Мәшһүр-

Жұсіп те «соқыр» сөзін өте терең мағынада түсініп, мәнін, табиғатын нақты ашқан.

Мәшһүр-Жұсіп:

Керек істі көрмейді өз басына,
Соқыр деп салдым соны сөз басына.
Дәнемені өз көзі көрмеген соң,
Жұқтырап соқырлығын жолдасына.

А. Байтұрсынов:

Біреудің мінін айтса өлеңшілер
Мәз болып, тыңдағандар, қарқ-қарқ құлдер.
Болса да нақ со міндер өз басында,
Деп айттар: «Секілді екен пәленшепел»
Мен талай көргенім бар осындайды,
Өз мінін кім анғарып, абайлайды.

Екі адамның айтып отырған соқырлары, су каранғы көзі көрмейтін соқыр емес, көкірегі соқыр, рухани соқыр адамдар еді. Жалпы, «соқыр» сөзіне қатысты ф.ғ.д., профессор Қ.Жұсіптің монографияларында көп айтылған.

Мәшһүр-Жұсіптің мысалшы екендігін ең бірінші дәлелдеген немересі ф.ғ.д., профессор Куандық Жұсіп: «Мәселен И. А. Крыловтың «Ала қойлар» мысалында патша арыстан өмірімен қойды баққансып жүріп жок қылған қасқыр (бұл мысалды Абай да, А. Байтұрсынов та тәржімалаған) өрекетін Мәшһүр-Жұсіп өзінше өрістетіп пайдаланған:

Ондырmas мынау қойшы бізді бағып,
Сінбей түр ішкен тамақ бойға жағып.
Тұрғызып омақаны әрбір жерге,
Жер-суды ап кетті фой қазық қағып (34 б.)

Бұл арада қазак халқын бағушы губернатор, не патша деп есептесек, аталған тұспал белгінің өрбітілуін сәл кейінрек жырлаған ақындардан да кездестіреміз:

1) Алашым, айтқанды алсан, без бұлардан:
Кой бағып қасқыр қашан опа қылған,...

(М. Дулатовтың 1916 жылы «Қазак» газетінде басылған «Алашқа» өлеңінен);

2) Ай үшамын аспанға
Жер жағдайы жақпайды...
Аңы, қатты дауыстан
Карағай, терек жығылар.
Қожайынсыған арыстан
Сескенер, тасқа тығылар.

(И. Жансүтіровтің 1923 жылғы «Ызалы қиял» өлеңінен).

Салыстыра сараптасақ, И. А. Крыловта ала қойларды алдымен арыстан қырмақ болады, бірақ тікелей жоюға үндеген аю ұсынысы кейін жаманатқа қалдыратын болғандықтан, қабылдан-

бай, құртуды іске асырып, жаманатты болу қасқыр ұлесіне қалады. М. Дулатов осыны ескеріп: «Қой бағып қасқыр қашан опа қылған», – десе, И. Жансүтіров қасқырды емес, арыстанды бөліп алғандай, өзі Айға үшқанда, ақырған дауысынан қарағай, терек жығылатынын, сол сәтте «қожайынсыған» арыстанның, демек қызыл коммунист ел билеушісінде сескенуі мүмкіндігін әйгілейді. Назар аударарлық жәйт: И. А. Крыловта арыстан мен қасқыр және оның қой бағып карық қылмауы тікелей байланысты берілген. Мәшһүр-Жұсіпте бағып жарытпайтын қойшы бөліп алынса, М. Дулатовта қасқырдың ешқашан қой корғап опа қылмайтыны еске салынып, екі ақында да, отарлаушы ел билеушілер қастандығынан қазақ халқын сактандыру жүзеге асқан. Ал И. Жансүтіров қасқыр мен ала қойларды мүлде сөз қылмай, тек бөрінің төбесінен қараушы арыстанның өзін де сескендіреп күш бар екенін қатаң ескерткен. Сөйтіп орыс ақыны И. А. Крылов мысалындағы символдық бейнелерді қазақ ақындары: Мәшһүр-Жұсіп, Міржакып, Илияс – әрқайсысы өзінше өрістетіп пайдаланған. Мұның бәрі ақын шығармашылығын жеке алмай, әлемдік поэзия дәстүрімен тығыз бірлікті қарастыру керектігін дәлелдейді» [3, 92-93].

Осылардың ішінде орыс халқының классик әдебиетін, әсіресе И. Крылов мысалдарын қазақ тіліне көп аударған оларды жинап, жеке кітап етіп шығарған Спандияр Көбеев болды. Ол Крыловтың қырықтан аса мысал-өлеңдерін аударып, 1910 жылы «Үлгілі тәржіме» деген атпен өз алдына жеке кітап етіп бастырып шығарды.

Спандиярдың Крыловтан аударған, «Үлгілі тәржіме» жинағында басылған мысал-өлеңдер еді: «Күйеу таңдаған сұлу қыз», «Өтірікші», «Аң ауласқан қоян», «Емен мен тал шыбық», «Шал мен өлім», «Қасқыр мен тырна», «Маймыл мен айна», «Қасқыр мен мысық», «Шымшық пен көгершін», «Маймыл мен көзілдірік», «Ақку, шортан һем шаян», «Көлбақа мен өгіз», «Қарға мен тұлкі», «Аңға шықкан арыстан», «Маймылдар», «Аю мен мұсәпір шал», «Қасқыр мен қозы», «Құмырса мен шегіртке», «Тұлкі мен жузім жемісі», «Екі көгершін», «Әтеш пен меруерт тас», «Арыстан мен Сары масалар», «Арыстан мен кісі», «Арыстан мен тышқан», «Есек пен сандуғаш», «Ағаштың тамырлары мен жапырактары», «Пәлеге үшыраған қарашекпен», «Екі төбет», «Ұқыпты достар», «Хакім тілеген көлбакалар», «Көлбакалар», «Қомағай ит», «Етікші мен бір бай кісі» т.б.

И. Крылов өзінің мысалдарын нағыз орыс тілінің көркемдік байлығын сұрыптаپ пайдаланып, аса шеберлікпен көркем етіп жазды.

Бірақ Спандияр Крыловтың мысалдарын, Абай сияқты, зор ақындық талантпен, шабытпен, асқан шеберлікпен аудара алған жок. Жай ғана қарапайым өлең түрінде кейде еркін, кейде сөзбе-сөз етіп аударды, көбінше мағына-мазмұнын ғана берді. Мысалы, «Разборчивая невеста» деген мысалды «Қүйеу таңдаған сұлу қызы» деп, «Листы и корни» деген мысалды «Ағаштың тамырлары мен жапырактары» деп, «Крестьянин и смерть» деген өлеңді «Шал мен өлім» деп, «Лисица и виноград» дегенді «Тұлқи мен жүзім жемісі» деп аударды. «Қүйеу таңдаған сұлу қызы» деген мысалдың орысшасы 69 тармак та, қазақшасы 52 тармак; «Хакім тілеген көлбақалар» деген мысалдың орысшасы 71 тармак та, қазақшасы 74 тармак. Сонда Спандияр алдыңғы мысалды өзінше қысқартып, ықшамдап, кейінгі мысалды жаңынан сөз қосып, кенейтіп аударған; дәлме-дәл аудармай, еркін аударған [4, 177-178].

Мақыш мысалдары Қазанда 1910 жылы «Біраз ғибрат сөз...» деген атпен жарық көрді. Онда «Қой, сиыр, ешкі, арыстан...», «Сабырсыздық», «Есектің ойнауы», «Аз үміт көп зарап берер», «Бал құрты мен шыбын», «Жақсылыққа жамандық», «Факырық, байлық», «Садақат» атты барлығы сегіз өлең камтылған [5, 19].

Мысал жанрын арнайы зерттеген ғалымдардың көрсеткен деректеріне жүгінсек, И. А. Крылов, Эзоп (біздің дәуірімізге дейін 6-ғасырда Әмір сүрген грек мысалшысы) Федр (б.д.д. 5-ғасырда Әмір сүрген Рим мысалшысы), Лафонтен (1621–1695 жж. Әмір сүрген француз мысалшысы) мысалдарының сюжетін пайдаланғанын көреміз. Шығармаларының соңғы бір басылымында Крылов 33 туындысының аударма екенін анықтады [6, 77].

Әрқиыл тарихи-әлеуметтік, саяси-қоғамдық өзгерістерге толы кезеңде дүниеге келген Мәшһүр-Жұсіп Көпеев қазак жазба әдебиеті, сонын ішінде, мысал жанрының қалыптасуына, көркемдік көкжиегінің кeneюіне елеулі үлес қоскан.

Мәшһүр-Жұсіп жан-жакты талант иесі. Ақынның көніл күй лирикасынан басқа мысалдар жазғаны да бар, онысы мол әрі мәні де манызды.

Мәшһүр-Жұсіп мысал жанрына ден қоюның үлкен мәні бар. Себебі басқа жанр турлеріне қарағанда ондағы моральдық, адамгершілік тағы-

лымыды ол қазақ қоғамы үшін аса қажет үлгі деп түсінеді. Мысал арқылы адам бойында кездесетін намиссыздық, алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық, құлық пен зорлық сияқты келенсіз мінездерді сынау, шенеу немесе халықтың тұрмыс-тіршілігінің көленке жағын көрсетіп, карапайым халықтың көзін ашып, жігерлендіруге ақын мысал жанрын таңдады. Әртүрлі карым-катастынастар мен қоғамда болып жатқан әлеуметтік жағдайларға ғибыратты тұжырымдар жасайды. Мысал сюжеті негізінен бар халыққа ортақ қазына. Әлем мысалшылары Эзоптан бастап бүгінгі мысалшыларға дейін бір-бірімен тақырып алмастырып отырған. Ал Лафонтен өз жаңынан мысал шығармаған. Өзіне дейінгі мысалшылар сюжетін алып өзгеше жазған ақын. Бір мысалдың өзі әрқайсысының аудармасына ілікті. Оны бір ақын өлеңмен аударса, енді біреуі кара сөзben аударды. Бұл тәжірибе әдебиет тарихындағы назирагөйлік (акындық) тәсілді байытты. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, өмір шындығын қамтып, ойға қосып отыратын үлгілер үлттық әдебиеттегі мысал жанрының дамуына жол ашты [7, 78].

Бұл арада тұңғыш рет мысал жанрының текстологиясына қалам сілтеген Н. К. Жусіпов «Мәшһүр-Жұсіп жинаған мысал-аңыз үлгілерінің текстологиясын» ғылыми мақаласын ерекше атап өтуге болады.

Әңгімені мысал жанры жайынан басталық, – дейді С. Талжанов: И. А. Крылов орыс халқының ұлы ақыны, мысал жанрының атасы. Ол 1769 жылы 13 февральда Москвада туған. Ақынның әкесі А. П. Крылов көп уақыт қатардағы солдат болып жүріп, әренде капитан шеніне қолы жеткен кедей кісі еді. И. А. Крылов 1782 жылы 13 жасында Петербургке келіп, халыққа әйгілі қалам қайраткерлері А. Н. Радищев, Д. И. Фонвизин, Н. И. Новиковтармен кездесті. Солардың соңынан ере шыққан жас Крылов театрмен өуестенді. Петербург сахнасында Фонвизиннің «Недорослі», Княжнин, Сумараков, Аблесимовтардың комедиялары сол кезеңде жүріп жатты. И. А. Крыловтың «Кофейница» атты комедиялық операсы сахнаға шықты. «Филомела» мен «Клеопатра» деген көне грек өмірінен алғынған екі трагедиясын ресми цензура сахнаға рұқсат етпеді де, кейін И. А. Крылов мысал жанрына үзілдікесілді көшіп кетті. И. А. Крылов мысалдары 1825 жылы француз тіліне аударылған. Осы жинақты Парижде бастырыған – граф Орлов. Аударған француз жазушылары: Дарь, Эньян, Жансуль,

Арно, Суме, Стассар, Сегюр, Андрие, Сальм, Лебалья, Виенне, Рессегие, Казимир, Делавин, Нодье, Амабль, Тасть, София Ге. Ал Италия жазушыларынан қатысқандар: Жианноне, Монти, Пиндемонте, Лампреди, Анджелони, Бионди, Риччи және Сальфи болыпты. Бет ашарын французша Лемонте, италиянша Сальфи жазған. Крыловтың 10 мысалын араб тіліне 1863 жылы Абдаллах (Федор Иванович) Келзи аударса, 1867 жылы 41 мысалын Ризкаллах Хассун аударыпты. Келзиде «Тұлкі мен карға», «Емен мен шілік», «Бака мен өгіз» т.б. бар. Хассун бұларды қайталамай, өзгелерін аударды. Айта кететін нәрсе, олар Крыловты арабша ойлатады, мысалы, Крылов: «Климыч Петрге қарап ымдайды» («Климыч кивает на Петра») десе, Хассун: «Бекр Омарға сілтейді» деп береді, қазақшаға біреу: «Көрсөтөр көзін қысып ауылнайды» деп те аударған. Арабта: Васька – Вамбуль болады, Моська – Канбура атанады. Самарқан, Андалус калалары кездеседі. Араб еліне белгілі адамдардың аттары Джухейна, Лұқпан, Сухейль, Хасрой мен Дарий, Деила мен Әмір тәрізділер де жүр. Дозакта той жасалып («Клеветник и змей» мысалында) жатканда Нерон, Иуда немесе Наполеон аттары да аталауды, бұлардың бірде-бірі Крыловта жок. Егер араб тілінен қайыра орыс тіліне аударса, И. Крыловты тірі жан танымас та еді, – деп түйеді академик И. Ю. Крачковский.

Қазақ халқы И. А. Крылов шығармаларымен көптен таныс. Ең алғаш Крыловты қазақ тілінде берген Ыбырай Алтынсарин, ал кейін 1898 жылдары ұлы ақынымыз Абай: «Емен мен шілік», «Қазаға ұшыраған крестьян», «Жарлыбай», «Шегіртке мен құмырска», «Ала қойлар», «Тұлкі мен қарға», «Бака мен өгіз», «Піл мен қанден» атты мысалдарын өз мүлкіміз етіп бастап кетті. Осы ізді қуалап, XX ғ. бас шенінде Ахмет Баржақсин, Есет Өтетілеуов, Спандияр Көбеев т.б. аударып шықты. Эркім өз кадірінше дегендей. Бірақ солардың ішінде Абайдан асканы әлі көрінбейді. Өған қосымша бізде «Жетпіс жеті мысал» да, «Қырық мысал» да бар. Сапасы қанша тәмен болса да Крыловты қадір тұтпаған бірде-біреуі жок [8, 197-200].

Мәшһүр-Жұсіп мысал жанрларын үшке бөліп қарастыруға болады: біріншісі – мысалдары; екіншісі – мысал айтыстары; үшінші – тұспал өлендері. Тұспал да жанрдың бір түрі, оның негізін бірінші рет салған Мәшһүр-Жұсіп. Ал зерттеген ақын шебересі, ф.ғ.к., профессор

Гүлнәз Жұсіпова. Г. Қ. Жұсіпова: «Қазақ әдебиетінде, оның ішінде Мәшһүр-Жұсіп шығармаларында белгілі бір ойды астарлап жеткізу, шарттылықты пайдалану үлгілері жи кездеседі. Түркі әдебиетінде діни тақырыптағы әдебиеттің негізін салушы Қожа Ахмет Иассауи (XII ғ.) десек, XIX ғасырда сол бағытты жана арнада дамытқан ақын Мәшһүр-Жұсіп Қөпейұлы (1858–1931) екендігі белгілі», – дейді [9, 383].

Мәшһүр-Жұсіптің мысал жанрын шамамен үшке бөлеміз:

1) Мысал – аныз үлгілері: «Каршығаны мактағаны», «Бозторғай», «Киік», «Лашын мен қарға», «Шайтанның саудасы» (бұл өлеңі туралы әнгіме басқашалау). «Тырна мен қасқыр», «Сәйгел, сона, бөгелек туралы», «Жарты нан хикаясы», «Жыл он екі ай», «Анқа адам туралы» – 10;

2) Айтыс мысалдары: «Сүлеймен мен Байғызы», «Мәшһүр-Жұсіптің Шабдар атпен айтысы», «Мәшһүр-Жұсіптің тырнамен айтысы», «Мәшһүр-Жұсіптің қарғамен айтысы», «Мәшһүр-Жұсіптің ала қарғамен айтысы» – 5;

3) Тұспал мысалдары: «Сокыр, санырау және жаланаш», «Нәпсі аждана», «Толқын», «Күндіз бен түннің айырмасы» – 4; Барлығы: 19 мысал өлеңдері бар. Зерттеп, өлеңдерін жанр түріне карай анықтаса бұдан да көп болары анық.

Мысалы, Мәшһүр-Жұсіптің өзгеге ұқсамайтын жанрдың бір түрі: Құлдіргі сөздер (анекдот) бар. «Ұлы сөзде ұяттық жок» деген. Өған: «Қыз таңдау», «Жігіттер сыбағасы (бірінші нұсқа)», «Жігіттер сыбағасы (екінші нұсқа)», «Тұзеле алмая әнгімесі», «Барпық өнері (бірінші нұсқа)», «Барпық өнері (екінші нұсқа)», «Екі жігіттің өнер салыстырғаны», «Тіней әнгімесі», «Екі құрдас әнгімесі», «Бір епті жігіттің өнері», «Бір кедейдің сарапандығы», «Сараңының барып тұрған сарандығы» – 12; Қазақ әдебиетінде көзі ашылмаған тың тақырып деп білеміз. Бұған да ең алғаш түрлен салған ақын – Мәшһүр-Жұсіп Қопеев.

Жоғарыда Сәбиттің «Ауырған арыстан», «Екі теке», «Көзі тоймайтын ит», «Бит пен бүрге», «У жеңен қасқырға», «Бөшкенің зары» т.б. мысал өлеңдері берілген. Ашқөздікті суреттейтін «Көзі тоймайтын ит», ерегестің ақыры «Екі теке», сөз шағыстырған қазақ мінезін аудырмай келтірген «Ауырған арыстан» т.б. Мәшһүр-Жұсіптің төмендегі мысалдарымен мәні де, мазмұны да, қазакты сынағаны да деп келіп жатады. Әсіресе қазактың сараң байларын сынағанда Мәшһүр-Жұсіп салған жол Сәбиттен табылып жатады.

Сәбиттің «Шошқа мен саудагері» Мәшһүр-Жұсіптің «Шайтанның саудасы» мысал өлеңіндегі бес қашыра артқан жүк сияқты, саудаға түседі.

Сәбиттің:

Жер дүниенің боктығы
Осы арада үйлген,
Адалдығын, жоктығы –
Осы фой жүрт түнілген! –

дегені Мәшһүр-Жұсіптің тек қана «Шайтанның саудасы» ғана емес, көптеген мысал өлеңдерінің ортақ мыскылымен үндестік тауып, байланысып тұруының өзі көп жайты аңғартады.

Бұл мысал өлеңдердің мәні мен мазмұны Мәшһүр-Жұсіпте айтылады. Мәшһүр-Жұсіп «Тырна мен қасқыр»; А. Байтұрсынов «Қасқыр мен тырна»; С. Көбеев «Қасқыр менен тырна» мысалын Крыловтан еркін аудармамен аударған. С. Көбеев «өлімтік», А. Байтұрсынов «жемтік» деп алған. Көбеевтің мысалы еркін аударғанымен жақсы, мәніне келтіріп аударғанын айтуға болады. Үйқасын да, буын санын да сактауға тырысқан. Араб-парсы сөздерін: лауахазда – жаратылысында, тегінде деген мағына береді деген, һеман, зайығ, өм (һемма) шылауының қыскарған түрі (Абайда ұшырасады), ғибрат, хатта, михнат, хақ т.б. Ауыз әдебиетінің ықпалы: құдыретте (құдіретте), болад (ы), аракідік кездесетін лексика: мойнсұнып, қауып – қауіп, тамақсау, екі синоним сөздің (әрең, зорға) қатар келіп кайталануы ақынның әлсіздігін көрсетеді.

Енді А. Байтұрсыновтың және Мәшһүр-Жұсіптің «Тырна мен қасқыр» мысалын алайық. Мәшһүр-Жұсіптің кейінгі жинағына бұл мысал кірген жоқ. Бірақ С. Дәуітов алғы сөзін жазып жариялаған 1990 жылғы ақынның тандамалы шығармасында 194-195-беттен ұшыратамыз. Мәшһүр-Жұсіп бұл мысалды А. Байтұрсынов аударғанын білмеді, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинағанда қолжазбаларынан табылды. Ол уақытта А. Байтұрсынов шығармалары түгіл өзінің атын атауға тыйым салынған болатын. А. Байтұрсынов нұсқасында – 19 шумак. Мәшһүр-Жұсіп нұсқасында – 11. Мәшһүр-Жұсіп нұсқасымен, А. Байтұрсынов нұсқасын бұдан былай қыскартылған шартты атаумен М-Ж. Н; А-Б. Н. – деп алатын боламыз.

А-Б. Н: жарап: (кос нүктө), Көнілден және көріп (үтір), ауызға, Шетінде бөлегірек, кемірмей сол қалпынша, тамақта жүрмей, қақалды сүйек жүрмей, түспесін бе, Бұл шумақта өзгеріс бар: Мәнісін баяндауға жайы кеткен, Ойлайды: бұ

түрғанда тіл алмас деп, Көнілін жұмсартпасам алдап еппен. Тырнаға сөз сөйлейді кішілікпен. Жүруші ем кез келгей деп, тілеп көптен, Дүниеде кім бар еді онан өткен?

М-Ж. Н: жарап. (нүктө), аузына, Шеткөрі жырағырак, кемірді қалбынша, тамақта бармай, қадалды жүрмей сүйек, көрініпті, Бұл шумақта өзгеріс бар: Мен сені жүруші едім тілеп көптен, ал А-Б.Н-ғы соңғы үш жол М-Ж.Н жоқ. М-Ж. Н. Бұрынғы мықтылықпен былай қойып, Жалынып сөз сөйлейді кішілікпен алдыңғы жолдың соңғы екі тармағын құрайды. Ортада тағы да 4 жол қалып қалған. Дүниеде сенен артық досым болмас, Құтқарсан мені қазір осы дерптен. М-Ж.Н. екі шумақ жоқ, оның үстіне тармақтардың орны ауысқан. Ортада тағы бір шумақ жоқ. Тыныс белгілерінде көптеген өзгешеліктер бар. Соңғы төрт шумағы жоқ. Әрине, біз толық текстологиялық жұмыс жасауға мақсат қоймадық. Оқырманның көнілін аудару ғана. Болашакта, кандидаттық диссертация жазғанда бұл – тақырыпты біраз кеңейтіп: Крылов, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, Мәшһүр-Жұсіп, С. Көбеев, М. Қалтаев, Б. Отетілеуов мысалдарының сюжет үксастықтарына, ондағы өзгерістерге, текстологияға кеңінен зерттеу жұмысын жасайтын боламыз. Осы бір ғана мысал Мәшһүр-Жұсіпті орыс (европа) мысалдары да бей-жай қалдырмағанын аңғартады.

Мәшһүр-Жұсіптің басқа да мысалдары орыс (европа) мысалдарымен үндеседі. Әсіресе шығыс мысалдарына да қатты ден қойғаны байкалады. Мәшһүр-Жұсіп аттарын өзгертіп, қазақ ұғымына лайықтап жазған мысалдары да бар. Бұл – өз алдына бір әңгіме.

ӘДЕБІЕТ

- Герои Элады. Алма-Ата: Жалын, 1991. С. 8.
- Әуезов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1985. 18 т. 26, 29-66.
- Мәшһүр-Жұсіп. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнеллік. Павлодар университеті баспасы, 1999. 92-93-бб.
- Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1976. Б. 177-178.
- Әміренов Ә.Д. Мақыш Қалтайұлының әдеби мұрасы: Филол. ғыл. канд. автореф. Астана, 2006. 19-б..
- «III Мәшһүр Жұсіп оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары; Жанайхан Б., Мәшһүр-Жұсіп – мысалшы. Павлодар, 2003. 77-б.
- Жанайхан Б. Мәшһүр-Жұсіп – мысалшы / Б. Жанайхан // «III Мәшһүр Жұсіп оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Павлодар, 2003. 78 б..

8. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. Алматы: Ғылым, 1975. 197-200-бб.

9. Жүсіпова Г.Қ. Мәшһүр- Жүсіп тұспал өлеңдерінің саралануы // «Тарихшы және тарих: Қазақстандық тарих ғылымдарының – тар жол, тайфақ кешуі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Павлодар, 2005. 383-б.

Резюме

Творческая взаимосвязь Машхур-Жусип Копеева с русскими-европейскими писателями через древний вид литературы «Басни».

Summary

Creative labour of Mashkhur-Zhusip and russian-european writers has by way of old literature sight «Fable».